



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№55 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І
2012 жылғы 27 желтоқсан**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитеті
лицензияларды электрондық форматта
беру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2012 жылғы 30 қаңтардағы №261 Жарлығымен Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары бекітілген, оған сәйкес лицензиялардың барлық түрлері 2012 жылдың соңына дейін электрондық форматқа ауыстырылуы тиіс.

Мемлекет басшысының көрсетілген тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінде (бұдан әрі – Комитет) «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» (бұдан әрі – Е – лицензиялау МДБ) ақпараттық жүйесі енгізілген.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Комитет лицензияларды электрондық форматта ғана бере бастайды.

2012 жылы Комитет Е – лицензиялау МДБ арқылы мынадай лицензияларды электрондық форматта ресімдеді:

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ: банк операцияларын жүргізуге 2012 жылғы 29 маусымдағы № 5.3.3: заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу, бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға берілген 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1;

- «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұрполис» СК» АҚ: сақтандырудың қосымша сыныбы бойынша – жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру «жалпы сақтандыру» саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2012 жылғы 13 шілдедегі № 2.1.34;

- «Сая» СК» АҚ: «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, сақтандырудың ерікті нысанында: азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қосымша сақтандыру сынымен қоса отырып, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 02.08.2012 жылғы №2.1.31;

- «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ: зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін және номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті қоса отырып, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген 2012 жылғы 29 тамыздағы № 3.2.4/43/2.

- «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ: «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандырудың ерікті нысанында «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандырудың қосымша сыныптарын: әуе көлігін сақтандыруды, әуе көлігі иелерінің азаматтық-

құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды қоса отырып сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 2.1.37.

- «Қазақмыс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қайта сақтандыруды қоса отырып сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2012 жылғы 20 қарашадағы № 2.1.25.

- «Қазақмыс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандырудың қосымша сыныптарын: теміржол көлігін сақтандыруды, жүктерді сақтандыруды, су көлігін сақтандыруды, автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды, су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды, қарыздарды сақтандыруды, кепілдіктерді және кепілдемен сақтандыруды, басқа да қаржы шығындарынан сақтандыруды, сот шығындарын сақтандыруды, титулдық сақтандыруды;

сақтандырудың міндетті нысанында: тuroператорлары мен турагенттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды, аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды, жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды қоса отырып сақтандырудың ерікті нысанында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2012 жылғы 30 қарашадағы № 2.1.25 лицензия;

- «Виктория» СК» АҚ «су көлігін сақтандыру» сақтандырудың ерікті нысанындағы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандырудың ерікті нысанындағы сақтандырудың қосымша сыныптарын қосуден 2012 жылғы 21 қарашадағы № 166 лицензия ресімделген;

- «Kaspi Сақтандыру» АҚ лицензиаттың атауын өзгертумен байланысты 2012 жылғы 30 қарашадағы № 172 лицензия ресімделген;

- «Лондон-Алматы» СК» БТА Банкінің еншілес ұйымы» АҚ «жалпы сақтандыру» саласы бойынша: «титулдық сақтандыру», «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру», «сот шығыстарын сақтандыру», «міндетті сақтандыру» саласы бойынша: тuroператор және турагенттің АҚЖ жауапкершілігін сақтандыру» сақтандырудың ерікті нысанындағы сақтандыру сыныптарын қосуден 2012 жылғы 4 желтоқсандағы №2.1.18 лицензия ресімделген;

- Р.Ж. Тілеуқеноваға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға 2012 жылғы 26 қарашадағы №2.4.95 лицензия ресімделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1171 қаулысымен бекітілген Лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) жүргізу қағидасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар, өтініш берушілер, лицензиаттар үшін Мемлекеттік тізілімге рұқсат интернет желісі бойынша «Сыртқы портал» арқылы қамтамасыз етіледі.

Қаржылық қызметті тұтынушылар Комитеттің веб-сайтында (www.afn.kz) ай сайын орналастырылатын берілген және қайта ресімделген лицензиялар тізілімінен, сондай-ақ Мемлекеттік тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қолданысы тоқтата тұрылған және тоқтатылған тізілімнен лицензиаттар және қаржы нарығында қызметті жүзеге асыру үшін оларға берілген лицензиялар туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

Өтініш берушілердің қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияны алу үшін мәлімет ретінде.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш берушінің (лицензиаттың) лицензия беруге (қайта ресімдеуге/қайтаруға) өтінішті уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта, сол секілді «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық нысанда да беруге құқығы бар.

Лицензиялау туралы заңның 10-бабына сәйкес өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны қағаз тасымалдағышта алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз тасымалдағышта беріледі.

Лицензия беру шарттары Лицензиялау туралы заңның 42-бабында белгіленген.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияларды беру кезінде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілейді.

Лицензия алу үшін Ұлттық Банкке ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесін www.egov.kz веб-порталында: бизнес/салықтар және қаржы/сақтандыру және зейнетақы қорлары/қызметтің жекелеген түрлері/банк ісі бөлімдерінен табуға болады.

Сондай-ақ, электрондық үкіметтің www.elicense.kz сайтында қызмет түріне лицензия алуға өтінім беру жөніндегі нұсқаулықпен танысуға болады.